

# «Жұмбақ жылдар»



# «Жұмбақ жылдар»

- 1697 ж
- 1730 ж
- 1793 ж
- 1875 ж
- 1890-1891 ж
- 1893-1894 ж
- 1891-1897 ж
- 1897 ж
- 1909 ж
- 1912 ж
- 1923-1950 ж
- 1956 ж
- 1957 ж
- 1958 ж
- 1962 ж
- 1974 ж
- 1996-1998 ж
- 2000-2001 ж



Көне түркі жазулары жөнінде ең алғаш хабар берген кісі Амстердам қаласының бугормистрі Н.Видзен. Бұдан кейін Тобыл қаласының бояры С.Ремезовтың «Сібір қалаларының, жерлерінің, шөл далалары мен асуы қиын таулы өлкелерінің сызбасы» атты еңбегінде көрсетілді.



Енисей аңғарларынан табылған  
құпия жазулар жөніндегі ақиқат  
мағұлматтар швед елінің тұтқыны  
офицері И. Страленбергтің  
еңбектерінде анық көрсетілді.



П.Паллас Сібір жерінен табылып  
жатқан құпия жазулардың  
бірқатар үлгілерін жариялады.



Фин ғалымдары Минусинск ойпатына екі рет экспедиция ұйымдастырып, көптеген ескерткіштерді жинайды.

Жиналған экспедиция материалдары «Енисей жазбалары» деген атпен жарияланады.



Фин ғалымы А. Хейкел басқарған, Орыс патшалық ғылым академиясының мәшһүр түркологі В.В. Радлов басқарған экспедициялары Орхон, Туыл, Селеңгі өзендері бойындағы ескерткіштерді зерттеп, бірең-саран қазбалар жүргізіп, ескерткіштердің қағаз көшірмелерін (эстампаж), фотосуреттерін алып қайтқан еді."



Даниялық тілбілгірі (полиглот) В.Томсен түркі ескерткіштерінің оқылу кілтінің ережесін ашты. 1894 жылы В.В.Радлов Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінің көне түрік мәтінді орысшаға, немісшеге аударып, әйгілі «Орхон экспедициясының есептері» сериялық басылымдарына жариялады. Осындай ізденістер мен зерттеулер нәтижесінде ғылыми тұрғыдан түрік ескерткіштану саласының ірге тасы қаланды."





Н.М. Ядринцев Онгин ескерткіш  
кешенін, алғаш рет тауып, бүкіл  
әлемге жария етті.



Е.Н. Клеменц Тұнықұқ (Тоньюкук) ескерткіш кешенін алғаш рет тауып, бүкіл әлемге жария етті. Бұл шындығында Еуразиядағы түрік тектес этностардың төлтума тарихын, тілін, дүние танымын, этномәдени келбетін және т.б. сансалалы қырларын зерттеуде жалпы әлемдік түріктануда іргелі-іргелі теориялық нақтылы қадамдар жасаудың бастамасы бола білді."



Орхон ескерткіштерін зерттеуде **1909 ж.** ұйымдастырылған фин-угор ғылыми қоғамының Г.И. Рамстедт, С. Пелси басқарған экспедициясы көп еңбек сіңірді. Олар «Мойын-Чұр» ескерткішін «Тарималын хошуу ескерткіші» деп атап және осы кешеннің алғашқы жоспарлы кесте-суретін жасады, сонымен қатар «Сужи» ескерткіштерін де тауып зерттеді."



әйгілі алтайтанушы ғалым В. Л.  
Котвич Күлі-Чұр ескерткіш  
кешенін іздеп тапты.



жылдары П.К Козлов, В.А.  
Казакевич, Б.Я. Владимирцов, Б.  
Б. Бамбаев, Д.Д. Букиннич, Г.И.  
Боровка, К.В. Вяткина және және  
т.б. ғалымдар көне түрік дәуіріне  
байланысты ескерткіштерді  
іздестіру, анықтау мен зерттеуге  
байланысты жұмыстарды қолға  
алды."



моңғол археологы Ц. Доржсүрэн  
«Бұғыт»- Татпар қаған ескерткіш  
кешенін, Тариат ескерткішін  
тапты.



Н.Сэр-Оджав басқарған  
экспедициясы Тұңықұқ ескерткіш  
кешенінде қазба жүргізген."



Н. Сэр-Оджав, Л. Ийсл бастаған  
Моңғол-Чехословакия бірлескен  
археологиялық экспедициясы  
Күлтегін ескерткіш-кешенінде  
археологиялық қазба  
жұмыстарын жүргізді.





Моңғолия-Польша бірлескен  
экспедиция мүшесі Э.Трыярский  
Онгин ескерткіштің үш сынық  
бөлшегін тапты.



Моңғолия-Венгрия бірлескен  
экспедициясы көне түрік дәуірінің  
Гиндэн-булаг ескерткішіне қазба  
жұмыстарын жүргізді."



көне түрік ескерткіштерінің  
мәтіндік зерттеулерін жаңадан  
қарастырған Моңғолия-Жапония  
бірлескен экспедициясы  
«Моңғолиядағы тарихи жазбалар  
мен ескерткіштер» атты жобаны  
жүзеге асырды."



моңғол археологы Д. Баярдың жетекшілігінде Білге қаған ескерткіш кешенінде Моңғолия-Түркия бірлескен археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Осы қазбалар барысында көне түрік археологиясында сенсациялық жаңалықтар ашылды. Бұл Білге қағанның алтын тәжісі, күміс, асыл тастардан тұратын көмбесінің (2800 дана зат бұйымдар) табылуы еді."

